

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 11 тамыз N 1127

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 P990683_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар

енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Республикалық меншіктегі шаруашылық серіктестіктер акцияларының мемлекеттік пакетін (қатысу үлесін) республикалық мемлекеттік кәсіпорындармен басқару және оларға билік ету жөніндегі функцияларды бөлу" кестесінде:

1 "ұлттық комиссиялар" санатында:

14-реттік нөмірлі жолдағы "ЭИжСМ" деген сөз "АШМ" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-реттік нөмірлі жол "ККжТМ" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1, 17-2-реттік нөмірлі жолдармен толықтырылсын:

"17-1. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ (ҚМ) 100

"17-2 "Мемлекеттік қаржы жүйелеріне ақпараттық-телекоммуникациялық қызмет көрсету орталығы" ЖАҚ (ҚМ, МКМ) 100",

2 "көгілдір фишкалар" санатында:

2-реттік нөмірлі жолдағы ("Қазақойл" ҰМҚ жарғылық капиталында 25%") деген сөздер алынып тасталсын;

3-реттік нөмірлі жолдағы ("Қазақойл" ҰМҚ жарғылық капиталында 20,2%) деген сөздер алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру

бағдарламасын іске асыру және басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған шаралардың жоспарында:
3-бөлімде, "Мемлекеттік мүлікке есеп жүргізу жөніндегі

мемлекеттік статистикалық есептілік нысандарын әзірлеу" деген жолдағы "Үкімет қаулысы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің қаулысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.